

"Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 696 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 қаңтарда № 14665 болып тіркелді

"Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 44-4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын іске асыру үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

"Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7613 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 274-278 (27352) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, елдер бөлімінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін шығыстар нормалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын адамдар үшін) арналған үлгілік шартта:

2.1.6-тармақ алынып тасталсын;

2.2.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.5. Орталық:

1) "Болашақ" стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеуден өту;

2) Оқу орнында оның оқуын ұйымдастыру;

3) Оқу орнында оқуы;

4) осы Шарттың 2.3.22. тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдарында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда бес жылдық қызмет ету кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Әріптестерге, Оқу орнына, Жұмыс берушіге және әлеуетті жұмыс берушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.3.19-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2.3.22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.22. Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда үзіліссіз кемінде бес жыл еңбек қызметін жүзеге асыруға.";

2.3.25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.25. Стипендиат осы шартқа қосымша келісімді және қажет болған жағдайда өтеу туралы келісімді шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жасасу арқылы оған жеке қатысты Республикалық комиссияның және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінде көрсетілген барлық, оның ішінде шығыстардың қажетті сомасын өтеу бойынша талаптарды орындауға міндетті.

Жоғарыда көрсетілген комиссияның шешімдерін орындамаған жағдайда, Республикалық комиссияның Стипендиатты стипендия тағайындалған күннен бастап жұмсалған шығыстарды өтеу шартымен "Болашақ" стипендиясынан айыру туралы мәселелерді қарауына бастамашылық жасауға.";

2.4.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.4.2. Орталыққа "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия тиісті шешім қабылдау үшін білім процесіне қатысты мәселелерді қарау үшін өтініш беруге құқылы.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Phd докторы, бейіні бойынша (маман даярлауға жұмыс берушінің тапсырысын ұсынған мемлекеттік қызметшілер, ғылыми, педагог қызметкерлер арасынан) доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шартта:

мынадай мазмұндағы 1.3-тармақпен толықтырылсын:

"1.3. Осы Шарттың 2.3.18-тармағына сәйкес стипендиат еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Жұмыс берушінің және Орталықтың жазбаша келісімімен жұмыс орнын өзгертеді.";

2.1.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.4. Республикалық комиссияның және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Стипендиатқа оған қатысты қабылданған шешімдер туралы хабарлауға.";

2.2.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.5. Орталық:

- 1) "Болашақ" стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеуден өту;
- 2) Оқу орнында оның оқуын ұйымдастыру;
- 3) Оқу орнында оқуы;
- 4) осы Шарттың 2.3.18-тармағына сәйкес бес жылдық еңбек қызметі кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Әріптестерге, Оқу орнына, Жұмыс берушіге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.

2.3.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.4. Стипендиаттың Оқу орнында оқуы басталған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде Оқу орны белгілеген практикасын және/немесе тағылымдамасын көрсете отырып, Орталыққа жеке оқу жоспарын бекіту үшін ұсынуға.

Жеке оқу жоспарын құру кезінде Оқу орны жүктемені толық жинамауға рұқсат беретін соңғы семестрді қоспағанда, толық жүктемемен студенттің (full-time student-күндізгі бөлімнің студенті) мәртебесін ұстану үшін талап етілетін сандағы кредитті жинауға.

Орталықта ұсынылған жеке оқу жоспарына ескертулер болған жағдайда оларды алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа түзетілген жеке оқу жоспарын қайта бекіту үшін ұсынуға.

Бекітілген жеке оқу жоспарына осы Шарттың 1.2-тармағына сәйкес оқу мерзімдерін ұлғайтуды және қосымша қаржы шығындарын тудыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Орталыққа жеке оқу жоспарының оқу мерзімдерін ұлғайтуға және қосымша қаржы шығындарына әкеп соқпайтын өзгерістер туралы оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабарлауға.";

2.3.14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.14. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген практикадан/ тағылымдамадан өту басталғанға дейін күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде Стипендиаттың практикадан/

тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру үшін қажетті құжаттарды, ол Қазақстан Республикасының аумағында өтетін болса, Жұмыс берушіге ұсынуға. Қарсы жағдайда, Орталыққа және Жұмыс берушіге практиканың басталу және аяқталу мерзімін көрсете отырып, практикадан өту орнынан ресми хатты ұсынуға.";

2.3.18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.18. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсы аяқтағаннан және дәреже алғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге, Орталыққа Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгісі қойылған паспорт көшірмесін ұсынуға және Еңбек қызметі Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша үзіліссіз кемінде бес жыл еңбек қызметін жүзеге асыруға.";

2.3.19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.19. Бекітілген жеке оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсы аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа оқуын аяқтағаны туралы өтінішті, сондай-ақ Оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша Phd докторы, доктор дәрежесі тағайындалғаны туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармаларын, сондай-ақ диссертациялық/дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңіне транскрипт ұсынуы.

Оқу орны белгілеген шарттар бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен тиісті құжат Оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған растама хаты ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.";

2.3.20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.20. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген оқу мерзімін аяқтағаннан соң Қазақстан Республикасына қайта оралғаннан кейін әрбір 6 (алты) айда Орталыққа жұмысқа орналасқаны туралы өзекті мәліметті (жұмыс орнынан анықтама), әрбір 12 (он екі) айда осы Шарттың 2.3.18-тармағына сәйкес жұмыс істеу бойынша міндеттемелерді орындауын растау үшін паспортының нотариалды куәландырылған көшірмесін (барлық беттерін), жұмыс орнынан мінездемені, зейнетақы қорынан көшірмені, сондай-ақ байланысу ақпаратын (тұрғылықты жерінің мекенжайын, (үй, жұмыс, ұялы) телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайын) ұсынуға.";

2.3.22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.22. Стипендиат осы шартқа қосымша келісімді және қажет болған жағдайда өтеу туралы келісімді шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жасасу арқылы оған жеке қатысты Республикалық комиссияның, және/немесе "

Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінде көрсетілген барлық, оның ішінде шығыстардың қажетті сомасын өтеу бойынша талаптарды орындауға.

Жоғарыда көрсетілген комиссияның шешімдерін орындамаған жағдайда, Республикалық комиссияның Стипендиатты стипендия тағайындалған күннен бастап жұмсалған шығыстарды өтеу шартымен "Болашақ" стипендиясынан айыру туралы мәселелерді қарауына бастамашылық жасауға.";

2.4.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.4.2. Орталыққа "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия тиісті шешім қабылдау үшін білім процесіне қатысты мәселелерді қарау үшін өтініш беруге құқылы.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған (конкурса мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер, инженерлік-техникалық қызметкерлер, мәдениет қызметкерлері, шығармашылық қызметкерлер, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының қызметкерлері санаттары бойынша қатысқан адамдар үшін) үлгілік шартында:

1.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.3. Осы Шарттың 2.3.22-тармағына сәйкес Стипендиат еңбек қызметін жүзеге асыруы үшін Жұмыс берушінің және Орталықтың жазбаша келісімімен жұмыс орнын өзгертеді.";

2.1.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.5. Республикалық комиссияның және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Стипендиатқа оған қатысты қабылданған шешімдер туралы хабарлауға.";

2.2.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.6. Орталық:

- 1) "Болашақ" стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеуден өту;
- 2) Оқу орнында оның оқуын ұйымдастыру;
- 3) Оқу орнында оқуы;

4) осы Шарттың 2.3.22.-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы бес жылдық қызмет ету кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Серіктестерге, Оқу орнына, Жұмыс берушіге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады."

2.3.9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.9. Стипендиаттың оқу орнындағы оқуы басталғаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Орталыққа Оқу орнының әкімшілігі Орталыққа құпия ақпаратты беруге

құқылы болатын қол қойылған рұқсатты (релиз-форма) ұсынуға. Орталыққа Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе оқу жылы) нәтижелері алынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Оқу орнынан академиялық үлгерім туралы, оның ішінде Оқу орнынан шығару туралы ресми жазбаны ұйымның мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған ресми бланкіде ұсынуға.";

2.3.22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.22. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсын аяқтағаннан және дәреже алғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге, Орталыққа Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгісі қойылған паспорт көшірмесін ұсынуға және Еңбек қызметі Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша үзіліссіз кемінде бес жыл еңбек қызметін жүзеге асыруға.";

2.3.23-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2.3.26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.26. Стипендиат осы шартқа қосымша келісімді және қажет болған жағдайда өтеу туралы келісімді шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жасасу арқылы оған жеке қатысты Республикалық комиссияның және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінде көрсетілген барлық, оның ішінде шығыстардың қажетті сомасын өтеу бойынша талаптарды орындауға.

Жоғарыда көрсетілген комиссияның шешімдерін орындамаған жағдайда, Республикалық комиссияның Стипендиатты стипендия тағайындалған күннен бастап жұмсалған шығыстарды өтеу шартымен "Болашақ" стипендиясынан айыру туралы мәселелерді қарауына бастамашылық жасауға.";

2.4.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.4.2. Орталыққа "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия тиісті шешім қабылдау үшін білім процесіне қатысты мәселелерді қарау үшін өтініш беруге.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шартта:

1.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.3. Осы Шарттың 2.3.14-тармағына сәйкес Стипендиат еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Жұмыс берушінің және Орталықтың жазбаша келісімімен жұмыс орнын өзгертеді.";

2.2.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.3. Стипендияны әкімшілендіру мақсатында Орталық алған Стипендиат туралы мәліметтерді:

- 1) "Болашақ" стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеуден өту;
- 2) тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру;

3) тағылымдамадан өту;

4) осы Шарттың 2.3.14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында еңбек ету кезінде пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Шетелдік ұйымға, Жұмыс берушіге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.2.5-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2.3.14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.14. Бекітілген тағылымдама бағдарламасында көзделген тағылымдамадан өту мерзімі аяқталған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге және Еңбек қызметі Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша үзіліссіз кемінде үш жыл жұмыс істеуге.";

2.3.15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.15. Шетелдік ұйымның бекітілген тағылымдамалар бағдарламасында көзделген тағылымдамадан өту мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасына қайтып оралғаннан кейін осы шарттың 2.3.14-тармағына сәйкес, Орталыққа жұмыс істеу бойынша міндеттемені орындауын растау үшін әрбір 6 (алты) ай сайын жұмыс орнынан анықтаманы, әрбір 12 (он екі) ай сайын паспортының (барлық беті) нотариалды куәландырылған көшірмесін, жұмыс орнынан мінездемені, зейнетақы қорынан көшірмені, сондай-ақ байланыс ақпаратын (тұрғылықты мекенжайы, телефон нөмірлері (үй, жұмыс, ұялы) электронды мекенжайы) ұсынуға.";

2.3.18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.18. Стипендиат осы шартқа қосымша келісімді және қажет болған жағдайда өтеу туралы келісімді шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жасасу арқылы оған жеке қатысты Республикалық комиссияның және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінде көрсетілген барлық, оның ішінде шығыстардың қажетті сомасын өтеу бойынша талаптарды орындауға.

Жоғарыда көрсетілген комиссияның шешімдерін орындамаған жағдайда, Республикалық комиссияның Стипендиатты стипендия тағайындалған күннен бастап жұмсалған шығыстарды өтеу шартымен "Болашақ" стипендиясынан айыру туралы мәселелерді қарауына бастамашылық жасауға.";

2.4.2, 2.4.3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2.4.2. "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия тиісті шешім қабылдауы үшін тағылымдамадан өту процесіне қатысты мәселелерді қарау үшін Орталыққа өтініш беруге.";

2.4.3. Шетелдік ұйым қабылдау үшін қажетті шет тілін білу деңгейіне жеткен, бірақ тілдік курстардан өтуді жүзеге асыратын ұйым белгілеген аралық оқу кезеңі (семестр, триместр және т.б.) аяқталғаннан ерте емес жағдайда осы Шарттың 2.1.3-тармағына сәйкес тілдік курстардан өтуді мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.";

бекітілген бұйрықта көрсетілген Резидентурада оқу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын адамдар үшін) арналған үлгілік шартта:

2.1.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.4. Республикалық комиссияның және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешім алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Стипендиатқа оған қатысты қабылданған шешімдер туралы хабарлауға.";

2.2.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.5. Орталық:

1) "Болашақ" стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеуден өту;

2) Оқу орнында оның оқуын ұйымдастыру;

3) осы Шарттың 2.3.23-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдарында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда бес жылдық еңбек қызметі кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Әріптестерге, Оқу орнына, Жұмыс берушіге және әлеуетті жұмыс берушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.3.20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.20. Бекітілген оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа оқуын аяқтағаны туралы өтінішті ұсынуы. Сондай-ақ Оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша резидентураны аяқтағаны туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармаларын оны алғаннан кейін 10 күн ішінде, сондай-ақ диссертациялық/дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңіне транскрипт ұсынуы. Оқу орны белгілеген шарттар бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен тиісті құжат Оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған растама хаты ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.

2.3.23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.23. Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының ұйымдарында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда үзіліссіз кемінде бес жыл жұмыс істеуге.";

2.3.26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.26. Стипендиат осы шартқа қосымша келісімді және қажет болған жағдайда өтеу туралы шартты шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жасасу арқылы оған жеке қатысты Республикалық комиссияның және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінде көрсетілген шығыстардың қажетті сомасын өтеу бойынша барлық талаптарды орындауға міндетті.

Жоғарыда көрсетілген комиссияның шешімдерін орындамаған жағдайда, Республикалық комиссияның Стипендиатты стипендия тағайындалған күннен бастап жұмсалған шығыстарды өтеу шартымен "Болашақ" стипендиясынан айыру туралы мәселелерді қарауына бастамашылық жасауға.";

Phd докторы, доктор бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын адамдар үшін) арналған үлгілік шартта:

2.2.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.5. Орталық:

- 1) "Болашақ" стипендиясын тағайындауға конкурстық іріктеуден өту;
- 2) Оқу орнында оның оқуын ұйымдастыру;
- 3) Оқу орнында оқуы;

4) осы Шарттың 2.3.23-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдарында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда бес жылдық еңбек қызметі кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Серіктестерге, Оқу орнына, Жұмыс берушіге және әлеуетті жұмыс берушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.3.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.5. Стипендиаттың Оқу орнында оқуы басталған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде Оқу орны белгілеген міндетті оқу практикасын және/немесе тағылымдамасын көрсете отырып, Орталыққа жеке оқу жоспарын бекіту үшін ұсынуға.

Жеке оқу жоспарын құру кезінде Оқу орны жүктемені толық жинамауға рұқсат беретін соңғы семестрді қоспағанда, толық жүктемемен студенттің (full-time student-күндізгі бөлімнің студенті) мәртебесін ұстану үшін талап етілетін сандағы кредитті жинауға.

Орталықта ұсынылған жеке оқу жоспарына ескертулер болған жағдайда оларды алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа түзетілген жеке оқу жоспарын қайта бекіту үшін ұсынуға.

Бекітілген жеке оқу жоспарына оқу мерзімдерін ұлғайтуды және қосымша қаржы шығындарын тудыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді. Орталыққа бекітілген жеке оқу жоспарына оқу мерзімдерін ұлғайтуды және қосымша қаржы шығындарын тудырмайтын өзгерістер туралы хабарлауға.

Орталыққа жеке оқу жоспарының оқу мерзімдерін ұлғайтуға және қосымша қаржы шығындарына әкеп соқпайтын өзгерістер туралы оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабарлауға.";

2.3.19-тармақ алынып тасталсын;

2.3.20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.20. Бекітілген жеке оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа оқуын аяқтағаны туралы өтінішті, сондай-ақ Оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша Phd докторы, бейін бойынша доктор дәрежесі тағайындалғаны туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармаларын, сондай-ақ диссертациялық /дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңіне транскрипт ұсынуы.

Оқу орны белгілеген құжаттарды беру шарттары бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен тиісті құжат Оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған растама хаты ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.";

2.3.23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.23. Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының ұйымдарында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда үзіліссіз кемінде бес жыл жұмыс істеуге.".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Н.А.Байжанов) белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып, оның көшірмелерін жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б. А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 696 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 13 сәуірдегі
№ 163 бұйрығына
1-қосымша

Елдер бөлімінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін шығыстар нормалары бекітілсін

№ р/ с	Мемлекет	Бір айда "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу / тағылымдама процесінде тұру шығыстарының нормалары	Бір айда "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу / тағылымдама процесінде тамақтану шығыстарының нормалары	"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу/тағылым процесінде оқу әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыстар нормалар				
				бакалавриат / жоғары арнаулы білім (оқу жылы)	магистратура/ клиникалық ординатура/ резидентура (оқу жылы)	аспирантура/ докторантура (оқу жылы)	тілдік курстар (ай)	тағылымд (ай)

[illegible]

[illegible]

[illegible]

26	Америка Құрама Штаттары:							
	Айова, Алабама, Арканзас, Индиана, Вирджиния, Висконсин, Б а т ы с Вирджиния, Канзас, Кентукки, Миссисипи, Миссури, Небраска, Огайо, Оклахома, Орегон, Солтүстік Дакота, Солтүстік Каролина, Теннесси, Оңтүстік Дакота, Оңтүстік Каролина штаттары	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АІ долларын балама со артық еме
	Айдахо, Аризона, Вайоминг, Вермонт, Делавэр, Луизиана, Монтана, Мэн, Невада, Нью-Мексико, Техас, Юта штаттары	800 АҚШ долларына	750 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АІ долларын балама со артық еме
	Аляска, Вашингтон, Джорджия, Колорадо, Мичиган, Нью-Йорк, Нью-Хэмпшир, Пенсильвания штаттары	800 АҚШ долларына балама сомада артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АІ долларын балама со артық еме
	Гавайи, Миннесота штаттары	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АІ долларын балама со артық еме
	Иллинойс, Коннектикут, Массачусетс,							

	Мэриленд, Нью-Джерси, Род-Айленд, Флорида, Колумбия Федеративтік округы штаттары	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	850 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АІ долларын балама со артық еме
	Калифорния штаты	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АІ долларын балама со артық еме
	Бостон, Бруклин , Кембридж, Медфорд, Нью-Йорк, Сан-Франциско қалалары	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	120 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	130 АІ долларын балама со артық еме
27	Түрік Республикасы	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	300 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	35 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	40 АК долларын балама со артық еме
28	Германия Федеративтік Республикасы	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	60 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	70 АК долларын балама со артық еме
29	Финляндия Республикасы	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	75 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	90 АК долларын балама со артық еме
30	Француз Республикасы	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	75 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	90 АК долларын балама со артық еме
	Париж қ.	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	75 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	90 АК долларын балама со артық еме
31	Малайзия Федерациясы	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	450 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	70 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	75 АК долларын балама со артық еме
		700 АҚШ долларына	600 АҚШ долларына	600 АҚШ долларына	700 АҚШ долларына	800 АҚШ долларына	60 АҚШ долларына	70 АК долларын

32	Чехия	балама сомадан артық емес	балама сомадан артық емес	балама сомадан артық емес	балама сомадан артық емес	балама сомадан артық емес	балама сомадан артық емес	балама сомадан артық емес
33	Швейцария Конфедерациясы	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	1100 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	85 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	90 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
34	Жапония	1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	55 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	70 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
	Токио қ.	1100 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	55 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	70 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
35	Словакия Республикасы	650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	-	-	-	70 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
36	Беларусь Республикасы	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	-	-	-	20 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
37	Литва Республикасы	675 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	675 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	560 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	675 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	50 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	55 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
38	Әзірбайжан Республикасы	500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	450 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	600 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	45 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	50 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
39	Сербия Республикасы	680 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	680 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	-	-	-	60 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
40	Қазақстан Республикасы*	130 мың теңге	150 мың теңге	-	-	-	-	-
41	Бахрейн Корольдігі	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	560 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	675 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	50 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	50 АҚШ долларына балама сомадан артық емес
		800 АҚШ долларына	800 АҚШ долларына	-	560 АҚШ долларына	675 АҚШ долларына	50 АҚШ долларына	50 АҚШ долларына

42	Біріккен Араб Әмірліктері	балама сомадан артық емес	балама сомадан артық емес		балама соданаартық емес	баламасомадан артық емес	балама соданаартық емес	балама со артық еме
43	Эстония Республикасы	675 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	675 АҚШ долларына балама сомадан артық емес	-	560 АҚШ долларына балама содана артық емес	675 АҚШ долларына балама содана артық емес	50 АҚШ долларына балама содана артық емес	55 АҚШ долларына балама со артық еме

*Ескерту: Қазақстан Республикасында тілдік курстардан өту үшін

2. Өзге де шығыстардың нормалары.

2.1. Визаны ресімдеу, ұзарту (консулдық жинақ), виза (консулдық жинақты) ресімдеу үшін Елшіліктің талабы бойынша міндетті қызметтер;

шетелдің жоғары оқу орындарына 5-тен (бестен) аспайтын сауалнама нысанын ресімдеу және беру;

қабылдаушы елдің уәкілетті органдарында және шетелдің жоғары оқу орындарында стипендиаттардың тіркелуі;

шет тілін білу деңгейін анықтауға бір тестілеуді, академиялық оқуды, тағылымдамадан өтуді қоса алғанда, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі бойынша өтуі қажет болған жағдайда тілдік курстарға;

академиялық оқуға түсу үшін шетелдік жоғары оқу орындарының талаптары бойынша бір реттен көп емес дайындықтың академиялық және техникалық деңгейін анықтау бойынша пәндік емтихандарын тапсыру;

стипендиаттың академиялық оқуға, тілдік курстарға түсу кезінде, сондай-ақ тілдік дайындық, академиялық оқу, тағылымдама процесінде қажетті шетелдің жоғары оқу орындарының, тағылымдамалар өткізуді жүзеге асыратын шетелдік ұйымның (бұдан әрі - шетелдік ұйым), тілдік курстардың (бұдан әрі - тілдік мектептер) талаптары бойынша міндетті қызметтер;

тілдік курстардан өту, академиялық оқу, тағылымдамадан өту елдерінің және/немесе шетелдің жоғары оқу орнының, тілдік мектептің, шетелдік ұйымның талаптары бойынша міндетті медициналық тексеріс;

стипендиаттың банктік карточкасын шығару, әрекет ету мерзімінің аяқталуы бойынша оны қайта шығару және оған қызмет көрсету;

шетелдің жоғары оқу орындарының, тілдік мектептер немесе шет мемлекеттердің уәкілетті органдары айқындайтын шетелдік ұйымдардың (бұдан әрі - шетелдік әріптестер) стипендиаттың үлгерімі (транскрипт), шетелдік студенттерге арналған жазатайым жағдайлардан, аурудың кенеттен туындауынан медициналық сақтандыруы туралы ресми құжаттар ұсыну шығыстарының нормалары, шетелдік әріптестердің стипендиаттың академиялық оқуын, тілдік курстарын, тағылымдамасын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты шығыстар.

Шығыстарды төлеу растау құжаттарының негізінде нақты шығыстар бойынша жүргізіледі.

2.2. Қазақстан Республикасындағы тұратын жерінен "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалғаннан кейін академиялық оқу/тілдік курстардан/тағылымдамадан өту орнына дейінгі шығыс нормалары, академиялық оқуы немесе тілдік курстан, тағылымдамадан өту басталғанға дейін күнтізбелік 15 күннен ерте емес және тілдік курстарды, академиялық оқуды аяқтағаннан немесе тағылымдамадан өткеннен кейін күнтізбелік 15 күннен кеш емес, ал академиялық оқуы 1 (бір) оқу жылынан ұзақ болған жағдайда, Қазақстан Республикасында тұратын жерінен оқитын жеріне дейін оқудың әрбір оқу жылы басталғанға дейін күнтізбелік 15 күннен ерте емес және оқуының әрбір оқу жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 15 күннен кеш емес кері бағытта жол жүру, сондай-ақ академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курстардан оқу орнынан және Қазақстан Республикасында визаны ресімдеу не ұзарту қажет болған жағдайда кері қайтуға жол жүру шығыстары нормалары.

Шығыстарды төлеу жүк тасымалына ақы төлеусіз растау құжаттарының негізінде нақты шығыстар бойынша жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы ішінде жол жүру бойынша - тікелей қатынайтын әуе және теміржол көлігін пайдаланғаны үшін (Қазақстан Республикасына келген сәттен бастап тұратын жеріне дейін/тұратын жерінен Қазақстан Республикасынан шығатын сәтіне дейін күнтізбелік 5 күннен аспауы қажет) - купе вагоны (дивандары төмен орналасқан, қозғалысын өзгертуге болатын жұмсақ креслолары бар 2 орындық вагондарды (СВ), сондай-ақ "Турист" және "Бизнес" класындағы жүрдек поездарды қоспағанда) тарифынан жоғары емес, сол жердегі қолданыстағы жол жүру құны бойынша тас жол және қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдаланғаны үшін;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерге жол жүру бойынша - үнемділік класы бойынша тікелей қатынайтын әуе көлігін пайдаланғаны үшін, теміржол көлігін пайдаланғаны үшін (жол жүру уақыты күнтізбелік 5 күннен аспауы қажет), сол жердегі қолданыстағы жол жүру құны бойынша тас жол және қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдаланғаны үшін.

Ескерту:

Стипендия аудару стипендиаттың нақты тұрған жерінің шығыстар нормалары бойынша жүргізіледі. Егер стипендиат тілдік курстар, академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында көзделген басқа жұмыс) уақытында "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған елден ерекшеленетін елде, штатта немесе қалада болса, есептеу елдер бөлінісінде шығыстар нормаларының бекітілген тізімінде болған жағдайда, стипендиаттың нақты тұратын жеріндегі елдің бекітілген нормативі бойынша жүргізіледі. Норматив болмаған жағдайда, есептеу тағайындаған ел бойынша жүргізіледі.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлеріне оқу еліндегі тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомасын аудару кезеңі шетелдің жоғары оқу орнының/білім беру ұйымының академиялық күнтізбесіне, шақыру хатына (алғаш рет шығатындар үшін), студенттік визаны тіркеу туралы иммиграциялық емес нысандарға (DS-2019, 1-20), тағылымдамадан өтудің бекітілген бағдарламасына, бекітілген жеке оқу жоспарына (академиялық оқуын жалғастыруға шығатындар үшін) сәйкес, оқу елінде нақты оқу/тағылымдамадан өту/ тілдік курстар, бірақ оқу/тағылымдамадан өту/тілдік курстар ұйымдастыруға шартпен белгіленген мерзімнен аспайтын кезеңі болып табылады.

Оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомасын аудару әрбір күнтізбелік айға толық көлемде есептеледі.

Академиялық оқудың/тағылымдамадан/тілдік курстардан өтудің бірінші айы және академиялық оқудың/тағылымдамадан/тілдік курстардан өтудің соңғы айы күндерінің жалпы саны күнтізбелік отыз немесе одан кем күнді құраса, онда ақша аудару академиялық оқу/тағылымдамадан/тілдік курстардан өтудің бірінші немесе соңғы айында жүзеге асырылады.

Бірінші немесе соңғы айдағы оқу күндерінің саны үш күнтізбелік күннен аспаса, онда ол ай қаржыландырылмайды.

Академиялық оқу кезеңінде оқу материалдарын сатып алу шығыстарының сомасын аудару бекітілген оқу жоспарына сәйкес жылына екі рет жүргізіледі, тілдік курстардан және тағылымдамадан өту кезеңіне ай сайын жүргізіледі.

Тұруға, тамақтану мен оқу әдебиеттерін сатып алуға стипендия есептеу және төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкес ведомость құру күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық курсы бойынша жүргізіледі. Тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомасын төлеу алдағы айдың 25-інен бастап ағымдағы айдың 5-іне дейін жүргізіледі.

"Бакалавриат" бағдарламасы бойынша оқу процесінде, жоғары арнаулы білім алу, клиникалық ординатурада, аспирантурада оқу үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқу әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыстар нормалары 2012 жылға дейін "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысатын стипендия иегерлеріне қолданылады